

Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 қазан N 1262. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

1. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстырудың қоса беріліп отырған Тәртібі бекітілсін.

2. "Суармалы жерді суарылмайтын жерге ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15-ақпандағы N 188 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, N 10, 101-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 14 қазандағы
N 1262 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге
ауыстырудың**

ТӘРТІБІ

ЕСКЕРТУ. Мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеттің", "Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің", "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті", "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне", "жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аудандық комитеттің", "аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетке", "жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі облыстық комитетіне", "Жер қатынастары және жерге орналастыру

жөніндегі аудандық комитет", "Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі облыстық комитеті" деген сөздер тиісінше "жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның", "жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган", "жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органға", "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органның", "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органға", "Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

1. Осы Тәртіп "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына Z010152_ сәйкес әзірленді.<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді -ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен .

2. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстырудың (көшірудің) қажеттілігі басқа жер алқаптарының құрамында оларды одан ары пайдаланудың табиғи факторларына, экономикалық тиімділігіне негізделген.

3. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу жер учаскесі орналасқан тиісті жергілікті атқарушы органға жер пайдаланушының өтініші, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың бастамасы негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру жұмыстарын жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның өндірістік бөлімшелері жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органның тапсырысы бойынша жүргізеді.<*>

Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізілген жұмыстарды қаржыландыру жер реформасын жүргізуге көзделген бюджет қаражатының есебінен, өтініш білдірген жер пайдаланушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады . < * >

5. Ауыл шаруашылық алқаптарын егістік, тыңайған жерлер, көпжылдық ағаштар егілген жерлер, шабындықтар мен жайылымдар жатады, олар мыналарды білдіреді:

егістік жер - ауыл шаруашылығы дақылдарын, көпжылдық шөптерді қоса, егуге пайдаланылатын және жүйелі түрде өңделген ауыл шаруашылық алқабы, сондай-ақ таза өңделген жерлер. Егістік жерлерге түбегейлі жақсарту мақсатында жыртылған, алдын-ала егілген дақылдар алып жатқан (үш жылдан аспаған мерзімде) шабындықтар мен жайылымдардың жер учаскелері, сондай-ақ пайдаланылатын бақтардың қатар аралықтары жатпайды;

тыңайған жер - бұрын егістікке пайдаланылған және күзден бастап, бір жылдан аса мерзімде ауыл шаруашылық дақылдарын егуге пайдаланылмайтын, өңдеуге дайындалмаған, жер учаскесі;

көп жылдық ағаш егілген жерлер - жеміс-жидек, техникалық және дәрі-дәрмек өнімдерінен түсім алуға арналған, жасанды түрдегі ағаштар, көп жылдық бұталар отырғызуға пайдаланылатын, сондай-ақ аумақтарды безендіруге арналған ауыл шаруашылығы алқаптары;

табиғи шабындықтар мен жайылымдар - шөп шабуға және мал бағу үшін жүйелі түрде пайдаланылатын ауыл шаруашылығы алқаптары;

түбегейлі жақсартылған шабындықтар мен жайылымдар - шымды беткі қабаты жойылған соң жаңа шалғын шөптер өсіру жолымен жасалған шабындықтар мен жайылымдар учаскелері. Шалғындандыру - шымдарды бұзбай-ақ жүргізілуі мүмкін;

суландырылған жайылымдар - аумағында су көздері (көл, өзен, тоған, су бөгендері, суаратын немесе суландыратын канал, құбырлы немесе шахталы құдықтар) бар мал басын тиісті сапалы сумен қамтамасыз ететін жайылымдар.

Ауыл шаруашылығы алқаптары суармалы және суарылмайтын болуы мүмкін.

Суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарына ауыл шаруашылығына пайдалануға және суаруға жарамды, суару көздерімен байланысты тұрақты немесе уақытша суару жүйелері бар, олардың су ресурстары осы жерлерді суаруды жүйенің пайдалы әсер коэффициенттері жобалау немесе суару нормаларының қолданылып жүрген белгіленген нормативтері бойынша ұтымды мерзімде 75 проценттен кем емес жағдайда ағынды сумен суаруды қамтамасыз ететін жерлер жатады.

Су тоқтататын жалдары, су реттегіш бөгеттері және осы учаскелер алқаптарына қар суы мен көктемгі тасыған суларды, сондай-ақ топырақтың ылғалдануы үшін суару немесе суландыру каналдарынан берілетін суларды тоқтататын және қайта бөлінуін қамтамасыз ететін басқа да гидротехникалық құрылғылары бар жер учаскелері көл табанды суару жерлері болып табылады.

6. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру жер учаскесі, учаскелер топтары, суару алаптары, жер пайдаланушылар бойынша жүргізілуі мүмкін.

Топырақтық-мелиорациялық жағдайы бойынша, оларды алқаптың басқа түріне ауыстыруды қажет ететін ауыл шаруашылығы алқаптарының болуы қолда бар жобалау-картографиялық материалдар, жерге орналастыру, мелиорациялық, құрылыс жобалары, топырақ, топырақтық-мелиорациялық, геоботаникалық іздестіру, тұзды жерлерді картаға түсіру материалдарын, жер кадастрының, жерді түгендеу мәліметтерін зерттеу негізінде алдын ала белгіленеді.

Аталған материалдарды талдау нәтижесінде бір түрден екінші түрге ауыстыруға тиісті ауыл шаруашылық алқаптары көзделеді.

7. Бір түрден екінші түрге ауыстыруға жататын алқаптарды анықтауды жер

ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның өндірістік бөлімшелерінің мамандары (жерге орналастырушы, топырақтанушы, су маманы, агроном) алқаптық зерттеу барысында мүдделі жер пайдаланушылардың өкілдерін қатыстыра отырып жүзеге асырады.<*>

8. Алқаптық зерттеу процесінде ауыстыру көзделген ауыл шаруашылығы алқаптарының орналасқан жерлері, олардың көлемі, пайдалану түрі, топырақтық-мелиорациялық жағдайы, сумен қамтамасыз етілуі, суару жүйелерінің жайы, тозу құнының, бір түрден екінші түрге ауыстыру себептерін көрсете отырып зерттелетін суармалы жерде, көл табандап суарылатын, суармалы жайылымдарда орналасқан негізгі қорлардың құны анықталады.

Алқаптық зерттеу нәтижелері оның қосымшасымен бірге актымен ресімделеді. Жерді алқаптық зерттеу актісі мен сызбасына зерттеу жүргізген мамандар, сондай-ақ мүдделі жер пайдаланушылардың өкілдері қол қояды.

9. Аса бағалы ауыл шаруашылығы алқаптарын онша бағалы емес алқапқа ауыстыруға мыналар негіз болып табылады:

егістік жерлер үшін - жердің агроөндірістік топырақ сипаттамасының олардың нақты пайдалануына сәйкес келмеуі, улы заттармен жоғары деңгейде л а с т а н у ы ж әне т . б . ;

көп жылдық екпе ағаштар үшін - екпе ағаштардың шекті жасы, олардың сиректігі, нашар тұқымдық құрамы, жердің қолайсыз топырақтық-мелиорациялық сипаттамасы;

шабындықтар үшін - шалғынды шөптердің сиреуімен жердің шөлге айналуы, жердің мелиорациялық жағдайының төмендеуі;

жайылымдар үшін - олардың тапталып бұлінуі.

Суармалы жерлерді суарылмайтын жерге ауыстыру кезінде, жоғарыда айтылған факторлармен қатар, сумен жеткілікті қамтамасыз етілмеуі, ішкі шаруашылық суландыру жүйелерінің техникалық жайы; көл табандап суарылатын жерлер үшін - ағын судың қайта бөлінуі нәтижесінде су басудың тоқтатылуы немесе су ресурстарының болмауы, құрылғылардың техникалық ж а й ы е с е п к е а л ы н а д ы .

Қажет болған жағдайда жергілікті атқарушы органдар ауыл шаруашылығы алқаптарын онша бағалы емес алқапқа ауыстырғанда басқа да көрсеткіштерді белгілейді: ауыл шаруашылығы алқаптары өнімділігінің барынша төмендеуі, тұздану деңгейі, топырақтың ластануы және т.б.

10. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру ж ө н і н д е г і м а т е р и а л д а р :

тұжырымдары және ұсыныстарымен қоса түсіндірме жазбасын;
бір түрден екінші түрге көшіру көзделген жер экспликациясын;
алқаптық зерттеу актісін;

ауыстырылуға тиісті анықталған ауыл шаруашылығы алқаптары бейнеленген
алқаптық зерттеу сызбасын;
жер учаскелерінің сапалық сипаттамасын;

суару жүйелерінің техникалық жағдайы, көл табандап суару, суландыру
құрылғыларының жүйелері туралы, сондай-ақ негізгі қорлардың құны туралы
мәліметтерді қамтиды.

11. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру
жөніндегі материалдар аудандық ауыл шаруашылығы, су шаруашылығы, табиғат
қорғау органдарымен келісу, аудан бойынша жинақтау үшін жер ресурстарын
басқару жөніндегі аумақтық органға
беріледі. < * >

1 2 . < * >

**ЕСКЕРТУ. 12-тармақ алып тасталды -ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123
қаулысымен.**

13. Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган осы Тәртіптің 11-
тармағында санамаланған ұйымдардың ескертулерін ескере отырып жасаған өз
қорытындысымен материалдарды:

онша бағалы емес ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге
ауыстыру жөнінде түпкілікті шешім қабылдау үшін аудандық атқарушы органға;

суармалы жерлерді суарылмайтын жерге, суарылмайтын егістікті басқа онша
бағалы емес ауыл шаруашылығы алқаптарына ауыстыру жөнінде облыстық ауыл
және су шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау органына келісуге жібереді;

Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган келісу нәтижелері
бойынша материалдарды тұтастай алғанда облыс бойынша қорытады және өз
қорытындысымен материалдарды:

суарылмайтын егістіктерді онша бағалы емес ауыл шаруашылығы
алқаптарының түрлеріне ауыстыру жөнінде - аудан әкіміне түпкілікті шешім
қабылдау үшін;

суармалы жерлерді суарылмайтын жерге ауыстыру жөнінде - жер
ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органға келісу үшін жібереді.<
* >

**ЕСКЕРТУ. 13-тармақ жаңа редакцияда -ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123
қаулысымен.**

14. Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган суармалы жерлерді
суарылмайтын жерге ауыстыру жөніндегі ұсынылған материалдарды Қазақстан
Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Табиғи ресурстар және
қоршаған ортаны қорғау министрлігімен, Табиғи ресурстар және қоршаған
ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетімен келіседі

және жинақталған өз қорытындысымен аталған мәселе бойынша түпкілікті шешім қабылдау үшін облыс әкімдеріне жібереді.<*>

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді -ҚР Үкіметінің 2001.08.29. N 1123 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК